To solve these problems, it is necessary to ensure the stability of the personnel policy, raising the requirements to the qualifications and discipline of law enforcement officers. Also, in order to ensure effective activity of law enforcement bodies, it is necessary to define clear criteria for evaluating their activities, not only in terms of quantitative indicators, but also in qualitative

parameters of evaluation

For the effectiveness of the perception of a large stratum of existing international and national legislation, legal and specialized literature, law enforcement practices in law enforcement field, the analytical material will be conditionally divided into three parts: 1. Analysis of the legislation in the territory of Kazakhstan in the research area; 2. Certain limitations of the current Law of the Republic of Kazakhstan «On Narcotic Drugs, Psychotropic Substances, their analogues and precursors and counter measures of their illegal turnover and their abuse»; 3. Recommendations for improving national legislation.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 20 мамырдағы Бағдарламасында Ұлт жоспары – 100 нақты қадамының 29-қадамы аясында құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік қызмет жүйесіне енгізу және тиісінше, әр құқық қорғау қызметінің ведомстволық ерекшеліктерін есепке алумен қызметтен өту бірыңғай ережелерін енгізу қажеттілігі көзделген¹. «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңы Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметіне түсу, оны өту және тоқтату, сонымен қатар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайын, материалдық қамсыздануын және әлеуметтік қорғауын анықтау рәсімінің құқықтық қатынасы болып табылады². Бұл заңнамалық акт құқық қорғау қызметінің бастапқы кезінен, оны іске асыру мен тоқтату кезінен мемлекеттің қатынасын анықтайды.

Бұл зерттеуде жоғарыда белгіленген, 2011 жылы қабылданған және қазіргі уақытта жеке ережелері біркелкі емес заңдық табиғаты бар Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның толық талдауы көрсетілген.

Қолданыстағы халықаралық және ұлттық заңнаманың, заңды және арнайы әдебиеттің, құқық қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің үлкен бөлігін қабылдау нәтижелі болу үшін талдамалы материал шартты түрде үшке бөлінеді: 1. Зерттеліп отырған салада Қазақстан территориясында қалыптасқан заңнаманы талдау; 2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының кемшіліктері; 3. Ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар.

1. Зерттеліп отырған салада Қазақстан территориясында қалыптасқан заңнаманың талдауы келесіні көрсетті.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында құқықтық және демократиялық мемлекеттің талаптарына жауап беретін құқық қорғау жүйесі қалыптасып және тиімді түрде жұмыс жасап жүр деп постулатталған³.

Осымен бірге (мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы қолда бар жетістіктермен) мемлекеттің құқық қорғау әрекеттері өзінің ары қарай дамуын және жетілдіруін талап етеді. Осыған байланысты, қылмыспен күрес, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қорғау, мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа жауабы болмай қоймайтындығы, құқық бұзушылыққа «нөлдік шыдамдылық» көрсету принципін мүлтіксіз қолдану, қылмыстарды жылдам, әрі толық ашу және қылмысты жасаған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмысқа қарсы күресте азаматтармен өзара әрекеттесу бұл қызметтегі басымдық болып табылады.

Бұл есептердің шешімін табу үшін тек қана құқық қорғау органдарын нығайтып, олардың жұмыс істеу құрылысы мен тәсілдерін жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар кадр саясатының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тәртібіне және біліктілігіне талаптарын арттыру керек. Сондай-ақ, құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыруын қамтамасыздандыру мақсатында олардың қызметін сандық қана емес, сапалық көрсеткіштері бойынша бағалау критерилерін анықтау керек [1].

Сөз жоқ, құқық қорғау органдары қызметінің басты көрсеткіші азаматтардың

¹ 100 қадам 5 институционалдық реформалар бойынша. <http://www.adilet.gov.kz/ru/articles/100-shagov-po-5-institucionalnym-reformam>

² 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қолжетімділік режимі: «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

³ 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қолжетімділік режимі: «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

оларға сенімділігінің деңгейі болу керек.

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында құқық қорғау жүйесін жаңғырту бағдарламасы негізінде құқық қорғау органдарын жүйелі түрде реформалау мәселесі қойылды [2].

«Қазақстан-2050» Стратегиясына алынған құқықтық идея барысында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт алынды, Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №720 жарлығымен Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының кадр саясаты Тұжырымдамасы қабылданған⁴.

Мемлекеттік бағдарлама адам құқығы маңызды орын алатын әлемдік стандартқа жауап беретін сенімді құқық қорғау жүйесіне құқықтық негіз беріп, сонымен қатар көпшілік таныған халықаралық стандарттарға және «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына сәйкес құқық қорғау жүйесін жасау үдерісін аяқтауға мүмкіндік береді.

Бір жағынан құқық қорғау қызметі саласындағы заңнама мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына және Қазақстан Республикасының сыбайлас салалық заңнамаларының негізгі орынына сәйкес деп белгілеуге болады, екінші жағынан тәжірибеде реттеу кезінде мәселе турдыратын кемшіліктер бар екенін түсіну керек.

Қайшылық тудыратын Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының нормаларына қатысты.

1. Құқық қорғау органдарына әскери құрамаларын жатқызуды құқық қорғау қызметінің құқықтық реттеудің мәселесі деп белгілеуге болады.

Осылай, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан туралы» заңының 1-бабының 1-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы Қазақстан Республикасы ішкі істер бірыңғай жүйесіне кіріп, тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның бас бостандығы мен құқығын қорғауға арналған.

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 3 бабында құқық қорғау ор-

гандарына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын прокуратура органдары, ішкі істер, жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тексеру қызметі қарайды.

Ішкі істер органдарының бөлімшесі болмай, ресми түрде қоғамдық тәртіпті күзету қызметінің қосалқы күштері болып, құқық қорғау функцияларының бірқатар қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы құқық қорғау органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін құқық қорғау органы деп санауға болады ма? [3].

Бұл сұрақ көрсетілген әскери құраманың құқықтық статусын және құқық қорғау функцияларына ара қатынасын айқындауды қажет етеді.

2. Қазіргі әрекеттегі қылмыстық заңнамада қылмыстық құқық бұзушылық қоғамдық қауіп-қатер деңгейіне және жаза-лауына қарай қылмыс пен қылмысты қылық болып бөлінеді (ҚР ҚК 10 бабы).

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінен анықтама. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады. (ҚР Қылмыстық кодексі, 2-бөлім, 10-бап)

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен бүкіл мәтінде «қылмыс» деген анықтама қолданылған, яғни «қылмыс» түрлік ұғымы мен «қылмыстық құқық бұзушылық» тектік ұғымы арасында жасанды қайшылық туындайды. Сәйкесінше «қылмыстық қылық» институты «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы аясында құқықтық айналымнан шығады. Бұл, өз кезегінде, ұнамсыз салдарды тудырып, құқыққа қайшы нәтижеге әкелуі мүмкін. Мысалы, зерттеліп отырған, Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының «Құқық қорғау қызметіне тұру шарты» 6-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында:

⁴ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 «Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қолжетімділік режимі: «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

жемқорлық қылмыс жасағандар «Құқық қорғау қызметіне қабылданбайды» деген регламент белгіленген.

Сол арада, ҚР Қылмыстық кодексінің ерекше бөлімі «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 15 тарауға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деген сөз тіркесін қолданған дұрыс.

Қайшылықты (оның ішінде жемқорлықты) қауіпін азайту мақсатында «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңындағы «қылмыс» терминін «қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымына ауыстыру қажет.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 82 бабының екінші бөлімін қайта қарастыруға қатысты

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен қарастырылған ерекшеліктерімен қоса, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Зандары құқық қорғау органдары қызметін реттейтін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері» құқық қорғау органдары қызметінің құқықтық негізі болып табылады⁵.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 114-бабына сәйкес әскери қызмет атқаратын, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызмет атқаратын тұлғалардың еңбегі Қазақстан Республикасы арнаулы заңдарымен және қызметке тұру, оны өту және тоқтату талаптары мен ретін орнататын Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерімен қарастырылған ерекшеліктерімен қоса, ҚР Еңбек кодексімен реттеледі.

Демек, Қазақстан Республикасының «құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 82-бабының 2-тармағының нормативті ережелерін есепке алсақ, құқық қорғау органының басшысы немесе қызметке тағайындалу құқығы бар өкілі жоғары дайындығы мен алып отқан орнында жұмыс тәжірибесі бар және қызметті өтуге денсаулығы жарамды қызметкерлердің

қызмет мерзімін олардың келісімімен бір жылдан бес жылға дейін ұзартады.

Осылайша, құқық қорғау қызметінде болатын белгіленген жасын ұзарту жоғарыда көрсетілген басшыларына жазбаша, сәйкес үлгіде білдірілген қызметкердің қарауына байланысты болу мүмкін.

Сол арада, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 30-бабының 5-тармағында қамтылатын ұқсас нормалар бойынша зейнеткерлік жасқа жеткен және жоғары дәрежелі біліктілігі бар қызметкермен, оның жұмыс істеу қабілетін ескере отырып еңбек шарты жыл сайын шектеусіз ұзартылу мүмкін. Бұл жағдайда Еңбек кодексінің 5-тармағы зейнетақы жасына жеткен қызметкермен еңбек шартын ұзарту құқығы бар жұмыс берушіге диспозициялық норма болып табылады.

Егер «ұзартылады» және «ұзартылу мүмкін» деген сөздеріне сүйенсек, бірінші ұғым бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 82-бабы 2-тармағында көрсетілген әрекет басшының қарауынсыз, тек денсаулығы жарамды қызметкердің келісімі бойынша орындалады. Екінші жағынан «ұзартылу мүмкін» сөз тіркесі еңбек шартын ұзартуы бойынша жасалынатын әрекет басшының қарауында болады.

Экономикалық дағдарыс жағдайындағы еңбек заңнамаларының даму трендіне сүйенсек, қызметкердің зейнеткерлік жасқа жетуі оның еңбекке конституциялық құқығын қыспау тиіс. Сәйкесінше, заң шығарушы тұлғаның (құқық қорғау органның басшысы немесе қызметке тағайындау құқығы бар уәкілетті тұлға) онымен міндетті қарым-қатынас пен болуы мүмкін салдарын лайықтайтын едәуір айқын құқықтық ұйғарымды тұжырымдады.

Сонымен қатар, ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 82-бабының 2-тармақтағы туындайтын және қызмет ету мерзімі туралы шешім қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа әсер ететін, келісім шартты ұзарту үшін келесі талаптарды егжей-тегжейін ашып қарастыру абзал: құқық қорғау саласына қарай «жоғары кәсіби дайындық, тағайындалған қызметтегі жұмыс тәжірибесі мен қызмет ету үшін денсаулығына қарай жарамдығы».

Артық бланкеттік және сілтемелік құқық нормалары туралы

Конституцияға сәйкес қабылданатын заңнамалық актілер Зандардағы сілтемелік нормаларды азайту және сәйкесінше заңдарды қабылдау тәжірибесін кеңейту

⁵ 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі. Қолжетімділік режимі: «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

заңнаманы жүйелендірудің, сондай-ақ оны ескірген және қайталанатын нормалардан босатудың, құқықтық реттеудегі бос орынды толтырудың, осы құқықтағы ішкі қайшылықтарды жоюдың шығармашылық қызметінің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы бланкеттік (сілтемелік) жаратылысындағы нормалардың жеткілікті екенін атап кеткен жөн. Соңғылардың пайда болуынан, біздің ойымызша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделеріне, құқықтарына қысым жасау орын табады.

Орган-әзірлеуші қолайлы деп санайтын Құқық қорғау органның уәкілетті басшысының құзыретін жүзеге асатын «дербестеу талаптарын» айтарлықтай іскерлікпен жасырды. Егжей-тегжейлері заңға тәуелді актілерде (атап айтқан) бланкеттік, сілтемелік институты арқылы анықталды [4, 3-4 б.].

Зерттеліп отырған, Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының келесі нормалары туралы айтылып тұр (Курсивпен көрсетілді):

1. 5-1 бап. Кадр қызметі. 11) *Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.*

2. 6-бап. Құқық қорғау қызметіне тұру шарты.

5-1. Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін *Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.*

3. 9-бап. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.

13. *Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында жоғары кәсіптік білім ала алады.*

Келесі баптар ұқсас құқықтық жаратылысқа ие:

-14. *Қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтық кепілдіктері; 15. Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты құқықтары; 16. Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты міндеттері; 17. Қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер; 19. Қызметкерлердің жауапкершілігі; 20. Қызметкерлердің қызметтік куәліктері мен жетондары; 21. Қызметкерлердің қызметтік куәліктері және жетондары; 29. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрам лауазым-*

дарына орналасудың жалпы қағидалары; 38. Қызметкерді лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттету; 40. Құқық қорғау органдарындағы жұмыс уақыты; 41. Құқық қорғау қызметінің өтілі (еңбек сіңірген жылдары); 42. Жеке істі және есепке алу құжаттарын жүргізу; 45. Құқық қорғау қызметін өткеру ерекшеліктері; 55. Қызметкерлерге қолданылатын көтермелеулер; 63. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау; 68. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үйге құқықтары; 69. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары; 77. Жүктілігі және босануы бойынша демалыс, жаңа туылған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге арналған демалыс, бала үш жасқа толғанға дейін бағып-күтуге арналған жалақысы сақталмайтын демалыс; 83. Құқық қорғау органдарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету⁶.

Негізгі қорытынды:

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның негізінде қабылданған инструктивті нормалар «бастапқы нормативтік құқықтық актінің» мазмұны мен мағынасы бұрмалап, солай болған соң атқарушы өкімет органдары (құқық қорғау органның) өз функцияларында заңнамалық өкіметті ауыстырады, міне осындай бланкеттік нормалар қоғамға қаупін тигізеді. Бұндай жағдай өз кезегінде жемқорлық деңгейін артырады, және әдеттегідей, азаматтардың заңнамаға сенімі төмендейді. Бұл жағдайда, ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңында зерттелген саладағы қазіргі заманғы ой жетістіктерін толық (сөзбе) көрсетілмеген.

Ұсынылады:

Курсивпен белгіленген бланкеттік-сілтемелік нормаларды қазіргі құқықтық актілерде қолданудағы және жаңартылған заманауи құқықтық терминология көмегімен (соның ішінде Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам аясында қабылданған), немесе сілтемелік нормаларды табу үрдісін автоматизациялау арқылы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қазіргі құқық позициясымен қанағаттандырған ұйымдастырылған-құқықтық элементтерге қосу талабын анықтау қажет.

Шешім қабылдайтын нақты тәртіп болған жағдайда, жемқорлық төмендейді (әкімшілік процедура).

Жоғары айтылғанды ескерсек, қазіргі

⁶ «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының талдамалық анықтамасы. ҚР Заңнама институтының талдамалық анықтамалары

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңын анализдеу барысында жемқорлық факторлары заңның артық бланкеттік және сілтемелік нормаларына тікелей байланысты. Екіншіден, кейбір нормаларда белгісіз «мүмкін» тиянақтаманы қолданғандықтан, түсінік бергенде көмескіліктер пайда болып, қадағалаушы орган мәселені өз білгенінше, мүддеге қарай шешеді. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 57-бабының 6-тармағында «құқылы» формуласының құзыреті анықталды: «Қызметтік тәртіпті бұзған әр оқиға үшін тек бір тәртіптік жаза тартылуы «мүмкін».

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңында ӘҚБтК-ке сәйкестендіру, сонымен бірге жемқорлық құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында «жазаға тартылу мүмкін» тұжырымдамасын «жазаға тартылады» деген сөзбен алмастыру қажет.

Зерттелген Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының келесі баптарында құқық қорғау органның уәкілетті басшысы шешімді өз білгенінше, мүддесіне қарай қабылдаған ұксас оқиғалар анықталды:

1. 10-баптың 1-тармақтың екінші азат жолы – «Осы Заңға сәйкес құқық қорғау қызметіне құқық қорғау органы басшысының шешімі бойынша орта және аға басшы құрам лауазымына отыз бес жастан асқан, жоғары кәсіптік даярлығы не белгілі бір мамандықтар бойынша едәуір жұмыс тәжірибесі бар адам қабылдануы мүмкін.»;

Бұл жағдайда, «мүмкін» тілдік айналымынан басқа, «жоғары кәсіби дайындық», және «белгілі мамандық бойынша едәуір жұмыс тәжірибесі бар» қазіргі Заңда қолданбайтын және айқындырылмаған, біркелкі анықтығы жоқ бағалау белгілері қолданылған.

2. 12-баптың 1-тармақтың екінші азат жолы – «Сәйкестіліктің кезеңдік бақылауының нәтижелері бойынша сынақ мерзімі үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.»;

3. 38-баптың 5-тармағы – «5. Қызметкерді лауазымдық міндеттерін атқарудан мынадай жағдайларда уақытша шеттетуі мүмкін.»;

4. 46-1-баптың 3-тармағы – «3. Қызметкерді атқарып жүрген лауазымынан босату және құқық қорғау органының қарамағына қабылдау құқық қорғау органы басшысының не уәкілетті басшының бұйрығы негізінде күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

Ерекше мән-жайлардан туындайтын айрықша жағдайларда бұл мерзімді құқық қорғау органының басшысы екі айға дейін

ұзартуы мүмкін.».

Қарастырылып отырған тармақта «мүмкін» деген сыбайлас жемқорлық фактордан бөлек осы Заңда айқын анықтылық бермейтін және негізгі ұғымы толық ашылмаған «айрықша жағдайлар» және «ерекше мән-жайлар» деген белгілер қолданылуы мүмкін.

5. 57-баптың 6-тармағы – «6. Қызметтік тәртіптің бұзылуының әрбір жағдайы үшін бір тәртіптік жаза ғана қолданылуы мүмкін»;

6. 82-баптың 2-тармағының екінші азат жолы – «Айрықша жағдайларда, тиісті лауазымдарға тағайындау құқығы бар құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының шешімі бойынша қызметкерлерге бұл мерзім сол тәртіппен бір жылдан бес жылға дейін, ал ғылыми дәрежелері немесе атақтары бар жекелеген қызметкерлерге – бес жылдан он жылға дейін қайта ұзартылуы мүмкін. (Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы Заңынан алынған мәлімет)

Осылайша, Заң мәтінінде «құқылы» деген жемқорлық факторын жою арқылы шешімді немесе әрекетті өз білгенінше қабылдайтын өкілетті басшының құзыретін қайта қарап шығу керек.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының өзге де жетіспеушіліктеріне туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 35-бабына сәйкес мемлекеттік қызметкерлер лауазымдық міндеттерді үлгілі, мемлекеттік қызметті мінсіз, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін, сондай-ақ қызметін бағалау нәтижелері бойынша мадақталады.

АНЫҚТАМА ҮШІН. Мемлекеттік қызметкерлерге үшін келесі мадақтау түрлері қолданылады:

- 1) біржолғы ақшалай сыйақы;
- 2) алғыс жариялау;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) мадақтамамен марапаттау;
- 5) құрметті атақ беру;
- 6) мадақтаудың өзге де түрі, соның ішінде ведомстволық сыймен марапаттау.

Сол арада, Қазақстан Республикасының «құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 55-бабына сәйкес міндеттерін үлгілі атқарғаны және қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін қызметкерлерге және құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттарына мынадай:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) біржолғы ақшалай сыйақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) грамотамен марапаттау;



- 5) Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 6) ведомстволық наградамен және құқық қорғау органының үздігі төсбелгісімен марапаттау;
- 7) кезекті арнаулы атақты, сыныптық шенді немесе біліктілік сыныбын мерзімінен бұрын беру (белгілеу);
- 8) Құрмет кітабына немесе Құрмет тақтасына енгізу;
- 9) құрметті атақ беру;
- 10) құқық қорғау органдарының

нормативтік құқықтық актілерімен көзделген өзге де көтермелеу түрлері көзделген.

Демек, салыстырылып отырған Заңдарда марапаттау регламенті біркелкі емес, яғни Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 2-бабына қайшы болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 55-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшасын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының

35-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшасымен ұштастыру қажет.

Жоғарыда белгіленген құқықтық реттеудің ішіндегі қайшылықтарды жою, сілтемелік нормаларды азайту, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының өзге де нормаларын біркелкі түсінік пен қолданысқа келтіру құқық қорғау органының қызметкерінің мәртебесін қорғау жүйесін жетілдіруге, оның құқығы мен міндеттерін сәйкестендіруге рұқсат етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Тусупбекова Л., Таран О., Курятков В. Глава государства Нурсултан Назарбаев провел совещание с руководящим составом правоохранительных органов // Казахстанская правда. – 2013. – 31 января. <http://www.akorda.kz>
2. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». <http://www.akorda.kz>
3. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан: учебник -2е изд., доп. – Алматы: Nurpress, 2010. – 400 с.
4. Аграфонов М.Ю. «Проблемы развития правоохранительной службы в Российской Федерации», стр. 3-4. <https://cyberleninka.ru>, 2011г.

REFERENCES

1. Tusupbekova L., Taran O., Kurjatov V. Glava gosudarstva Nursultan Nazarbaev provel soveshhanie s rukovodjashhim sostavom pravoohranitel'nyh organov // Kazhastanskaja pravda. – 2013. – 31 janvarja. <http://www.akorda.kz>
2. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan - Lidera Nacii N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana, g. Astana, 14 dekabrja 2012 goda «Strategija «Kazahstan-2050»: novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva». <http://www.akorda.kz>
3. Zhursimbaev S.K. Pravoohranitel'nye organy Respubliki Kazahstan: uchebnik -2e izd., dop. – Almaty: Nurpress, 2010. – 400 s.
4. Agrafov M.Ju. «Problemy razvitija pravoohranitel'noj sluzhby v Rossijskoj Federacii», str. 3-4. <https://cyberleninka.ru>, 2011g.